

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.03.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы б.ғ.к., доцент м.а. Абдраимова Қ.Т., АК мүшесі, академиялық персонал, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.Қ., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Абишова Г.У., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Бабаева Г.А., АК мүшесі, академиялық персонал, жұмыс беруші Ниязов А.Қ. - “Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы” РММ директоры, АК мүшесі, білімгерлер өкілі Примжанова А.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жұмыс берушілермен кездесу
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
3. Аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру

АК төрайымы Қ.Т.Абдраимова сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: Құрметті мәжіліс қатысушылары, бүгінгі қаралатын мәселелер мынадай: Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасына қатысқан жұмыс берушілермен кездесу; осы наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау; аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының ескертпелерін талдап, түзетулер жасау; визитін ұйымдастыру.

АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.У.Абишова:

Бірінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылында ББ жаңартылуына байланысты біраз өзгертулер енгізілгенін білесіздер. Соған байланысты біздің жұмыс берушілермен кездесіп, олардың пікірін тыңдап, ұсыныстарын талдауымыз қажет. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Пәндердің өзгеруіне байланысты силлабус, дәрістер мен практикалық (лабораториялық) сабақтар жинақтары, БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, емтихан сұрақтары т.б. дайындалды. Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілерге алдын ала жіберіліп таныстырылды.

АК төрайымы Қ.Т.Абдраимова .: Ендігі кезекте жұмыс берушілерді тыңдасақ

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, жұмыс беруші А.Қ.Ниязов алды: Жаңартылған білім беру бағдарламасымен таныстым. Аталмыш білім беру бағдарламасына бірнеше жыл бойы жұмыс беруші ретінде қатысып келемін. Сондықтан

мен алдыңғы бағдарламаларды саралай салыстыра отырып, оң өзгерістер жасалғанын айтқым келеді. Әрбір ЖОО өзінің мүмкіндіктеріне сәйкес оқу процесін ұйымдастырады. Біз де өз кезегімізде жылда практиканттарды қабылдау үшін өз тарапымыздан білім беру процесін арттыру мақсатында жұмыс жүргізудеміз. Білім беру бағдарламасын талдауға арналған анкета толтырылып, сараптамалық тұжырым жасалды. Білім беру бағдарламасына Қорық мамандары пікір білдірді, сонымен қатар негізгі оқу жоспарын талдай келе, өз тарапымыздан «Ландшафт және фитодизайн», «Ауылшаруашылық негіздері» пәндерді енгізуге ұсыныс жасап, ұсыныс хатпен келдік.

АК төрайымы Қ.Т.Абдраимова : Рақмет. Ұсыныс хат мазмұнымен танысып шешім қабылдауға шығарсақ. Енді екінші мәселе бойынша Академиялық комитеттің наурыз айында атқарған іс шараларын және олардың нәтижесін қарастырсақ. Сөз кезегін АК мүшесі Г.У.Абишоваға берсек.

Келесі сөзді АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Г.У. Абишова алды: В050-Биологиялық және сабақтас ғылымдар тобына жататын, 6В05146-Биология білім беру бағдарламасы бойынша міндетті пәндер және элективті пәндер тізімі жасалды, білім алушы түлектің атрибуттары (коммуникациялық, көшбасшылық, зерттеу, сыни ойлау), рейтинг нәтижесі алынып: 2019-2022 оқу жылдарындағы нәтижелерімен салыстырып, талданды. Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері сараланды. Білім беру бағдарламасының жетістіктері, кемшіліктері, мүмкіндіктері, қауіптері анықталды. Нәтижесінде ББ жақсарту ұсыныстары белгіленді:

- барлық деңгейдегі білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету көлемі мен сапасын арттыру;
- университет кітапханасы қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа оқулықтар сатып алуға ұсыныс жасау.
- кафедраның аудиториялық қорын кеңейту, қазіргі заманғы оқу-зертханалық базаны қалыптастыру бойынша іс-шараларды өткізу
- білім алушыларды зерттеу жобаларымен жұмысқа тарту.

АК төрайымы Қ.Т.Абдраимова: Рақмет. Жұмыла жасаған жұмыс қашанда оң нәтижесін береді. Комитеттің жұмысы білімгерлердің маман ретінде сапасын жақсарту үшін, бағдарламасын мағынасы терең, берері көп етіп жасау. Үшінші мәселе: Аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының ескертпелерін талдап, түзетулер жасау; визитін ұйымдастыру бойынша АК мүшесі, академиялық персонал, , аға оқытушы Г.А Бабаеваға, сөз берсек.

АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Г.А.Бабаева : Білім беру бағдарламасын аккредиттеуде сыртқы эксперттер тарапынан 2,3,4,6 стандарттар бойынша бірнеше ескертпелер келген. Атап айтсақ: Отандық және шетелдік университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мақсатында академиялық байланыстарды кеңейту; Студенттердің академиялық еркіндігін жетілдіру мақсатында ББ бойынша оқыту траекторияларының спектрін кеңейту; Білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын арттыру бойынша жұмысты жандандыру; ОП материалдық-техникалық базасын жаңарту және толықтыру, университет аумағындағы интернет желісінің қуатын арттыру. Аталмыш ББ бойынша ескертулері кафедра мәжілісінде талқыланып, тиісті жауаптар алынып, түзету бойынша жүргізілетін шаралар нақтыланды.

Шешім:

1.ББ бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары, сараптамалық тұжырымдары, пікірлері алынып ББ жасау барысында ескерілсін.

2.Наурыз айында АК жоспар бойынша атқарылған жұмыс есебі қабылдансын.


3.Аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының ескертпелерінің талдаулары, жасалған түзетулер қабылдансын

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т. Абдраимова

Хатшы



Г.О. Абишова